

«Нұрлы жол» көпірі - ел игілігіне!

Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойында павлодарлықтар жарқын сәттердің куәсі болуда. Кеше «Орталық-Шығыс» автожолының маңызды бөлігі - Ертіс өзенінің үстінен өтетін жаңа көпірдің салтанатты түрде тұсауы кесілді.

Жалғасы 2-бетте »



«Нұрлы жол» көпірі - ел игілігіне!

« Басы 1-бетте

Айдана ҚУАНЫШЕВА



Орталық Азиядағы ең ұзын көпірдің салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Болат Бақауов, ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Мереке Пішембаев, «ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Ермек Қизатов қатысты.

Салтанатты шара барысында аймақ басшысы Болат Бақауов ірі нысанның еліміз үшін маңыздылығы жоғары екенін атап өтті.

- Біз тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Ел Тәуелсіздігің 25 жылдығына орай ашылған бұл нысан - ауқымды істердің бір бөлігі деп білеміз. Жоба Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынғанын мақтанышпен айта аламыз. Оның жүзеге асу барысы да Мемлекет басшысының назарында болды. Осынау маңызды жобаның құрылысын абыроймен атқарғанымызды жетістік деп бағалаймын, - деді Болат Жұмабекұлы.

- Ертіс өзені арқылы өтетін көпір өткелі «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында іске асырылды. Бұл жобаның арқасында еліміздің аймақтары мен көршілес мемлекеттер арасындағы байланыс нығая түседі. Еліміздің экономикасы мен әл-ауқаты артады деген ойдамын. Бұл ретте аймақ

басшылығына, құрылысшыларға айтар алғысым шексіз, - деді Мереке Құдайбергелұлы.

Аталған көпірдің ерекше болуының бірнеше сыры бар. Біріншіден, бұл Орта Азия көлеміндегі ең ірі әрі ең ұзын көпір болып саналады. VI Group құрылысшылары 3 жылдың ішінде ұзындығы - 12,3 шақырымды құрайтын көлік жолын төседі. Оның ішінде 3,2 шақырымды көпір өткелі құраса, 9,1 шақырымы - автожол. Көпір 4 жолақты. Нысанның тек аймақ үшін ғана емес, республика тіпті, халықаралық дәрежеде маңызы зор. Аталмыш көпір арқылы еліміздің орталық аймақтарын, Ресейдің көршілес өңірлерімен байланысын арттыра түсу көзделген. Үшіншіден, құрылыс жұмыстары барысында ТМД елдері көлемінде бұрын-соңды пайдаланылмаған заманауи технологиялар қолданылды. Онымен қоса, бұл «ақылды» технологияға негізделген көпір деуге болады. Мамандардың сөзіне сүйенсек, көпірге 100-ден астам мәлімет беретін арнайы құрылғы орналастырылған. Сол арқылы қажетті, маңызды деректер жинақталып, өңделеді. Жобаның жалпы құны 53,8 млрд. теңгені құрайды. Алғаш рет көпірден мәртебелі меймандар мен аймақ басшысы, сондай-ақ қазақстандық автоөндіріс саласының жаңашылдығы болып саналатын, Қостанай қаласында жасалатын электромобильдер салтанатты түрде жүріп өтті.